

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен түзету және дамыту және психологиялық қолдау

2024-2025 оқу жылы

Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББК) оқушыларға түзету және дамыту жұмыстары мен психологиялық қолдау жұмыстары – олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу, әлеуметтену және тұлғалық даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған маңызды бағыттар. Мектебімізде биылғы оқу жылында 80 жуық ерекше балалар оқиды.

№	Оқу жылы	«Ерекше» білім беруді қажет ететін оқушылар саны
1	2024-2025	80 оқушы

Психологиялық түзету және дамыту жұмыстарының негізгі мақсаты, баланың танымдық, сөйлеу, қозғалыс, эмоционалды-ерік және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру, оқудағы және мінез-құлықтағы қиындықтарды азайту.

Негізгі міндеттері:

- Психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) жасау;
- Тілдік, когнитивтік, моторлық, әлеуметтік дағдыларды дамыту;
- Танымдық процестерді (зейін, ес, ойлау, қабылдау, қиял) жетілдіру;
- Оқу іс-әрекетіндегі кемшіліктерді түзету (жазу, оқу, есептеу дағдылары);
- Өзін-өзі реттеу және өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.

Осы тұрғыда оқушылармен білім алушылардың қиялын дамыту, ұшқырлығын шыңдау, ұйымшылдыққа шақыру мақсатында "Біз біргеміз" «Көтеріңкі көңіл күй» ойын-жаттығулары өткізілді. Тренингтер арқылы балаларға алдына қойған мақсатқа жету жолында ой-өрісін дамыту, қалауын нақтылау, ұйымшылдыққа ұмтылу жолдары көрсетілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың класс жетекшілерімен «Баланың жүрегінен жол табу» тақырыбында класс жетекшілер мен пән мұғалімдеріне арналған семинар – практикум өткізілді. Семинарды өткізудегі басты мақсат – қазіргі таңдағы ерекше назардағы оқушылар санының өсуі мен ерекше білім алушы оқушыларымыздың жағдайын ескере отырып, қолайлы жағдай туғызу мен қоршаған-әлеуметтік ортаға бейімделу барысын

бақылау және жүйелі жұмыс жүргізу. Семинар – практикум барысында класс жетекшілерге «Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы» бойынша таным қабілеттерінің деңгейі таныстырылып, тиімді әдістер мен қолдау жұмыстары ұсынылды. Соған қоса, инклюзивті оқыту бағдарламасы, педагогикалық-психологиялық қолдау, бейімдік білім беру бағдарламасы, педагог-ассистент қызметі, ЕББҚ бар оқушыларды әлеуметтік қолдау және т.б. мәселелер тұрғысында бағыт-бағдар беру, қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар, арнайы мамандардың негізгі қызметі мен ЕББҚ бар оқушыларға арналған бейімдік білім берудің жеке бағдарламалары ұсынылды.


Жас класс жетекшілермен әдістемелік көмек беру мақсатында «Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу», буллинг және кибербуллиннің алдын алу, зорлық – зомбылыққа ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау бойынша түсіндірме жұмыстары мен алгоритімі туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар класс жетекшілерге *«Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс түрлері» тақырыбында оқушылармен жұмыс жасау тиімділігі туралы ақпарат берілді.*



Білімалушылардың қарым-қатынасын зерттеу мақсатында «Менің сыныбым», «Баспалдақ әдісі» жүргізіліп, «Мен және менің отбасым» суреттік тапсырмалар жүргізілді. Бұл тапсырмалар оқушыларды дұрыс қарым- қатынас орнатуға үлкен көмегін тигізді.

Мектеп психологтары :

 Жадырасынова С.М

 Хасаенова А.С